«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
50 жыл тұрақты даму жолында
50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.
«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.

# Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№08 (49), тамыз-қыркүйек, 2013 жыл

## "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ мұнайшылардың төл мерекесін атап өтті

**Қазақстан мұнай-газ кешені қызметкерлері күнінің қарсаңында еңбек көрігін қыздыра түскен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы кәсіби мерекелерін толағай табыстармен қарсы алды. Маңғыстау мұнай компанияларының көшбасшысы болып саналатын қуатты компания жылдан-жылға еңбек жетістіктері мен табыстарын ұлғайта түсуде. Соңғы 10 жылдың ішінде мұнай өндіру көлемі үздіксіз өсу үстінде. 2000 жылы компания 4 млн. 170 мың тонна мұнай өндірсе, бүгінгі таңда мұнай өндіру көлемі 5 млн. 920 мың тоннадан асып түсті. Үстіміздегі жылы олар 6 млн. тоннадан астам мұнай өндіруді межелеп отыр. Мұндай нәтижеге «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымы мен мердігерлік ұйымдардың татулығы мен бірлігінің, ынтымақтастығы мен ауызбіршілігінің арқасында қол жеткізілді.**



Асқаралы асулар мен биік белестерді бағындырып отырған еңбек ұжымында мұнайшылар күнін мерекелеу Ақтау қаласынан бастау алды. Сәрсенбі күні облыс орталығындағы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мәжіліс залында мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиналыс болып өтті. Облыс орталығынан басталған мерекелік шаралар бейсенбі және жексенбі күндері «Жетібаймұнайгаз» бен «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармаларының басында өткен алқалы жиындар мен елімізге танымал әртістердің өнер шашуына ұласты.




Жетібай мен Қаламқас кенорындарында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ардагерлеріне мал сойылып, қонақасы беріліп, үлкен құрмет көрсетілді. Мереке құрметіне жайылған дастархандар басында мұнай саласының ардагерлеріне жылы лебіздер мен ақ тілектер айтылып, Маңғыстау, Қарақия аудандарының басшылары мен еңбек ардагерлері елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен аға ұрпақ өкілдеріне әрдайым қамқорлық жасап отыратын мұнай компаниясының атына алғыстарын айтты.

Салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басшылары сөз алды, Сунь Синъюнь мырза:

- Бүгін Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтау мен үшін ерекше қуанышты болып отыр. Өйткені үстіміздегі жылы біз тағы бір айтулы оқиға - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылғанына 50 жыл толу мерейтойын атап өтеміз, - деді Маңғыстаудағы ірі мұнай компаниясының басшысы. - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ардагерлері мен мұнайшылардың қазіргі ұрпағы Маңғыстау мұнайын алғаш ашқан еңбек ардагерлерінің ерен еңбегін ешқашан да ұмытпайды.

*жалғасы 2 бетте*

*Соңы. Басы 1 бетте*





Өйткені еңбек ардагерлері Маңғыстау мұнайының тарихын алтын әріптермен айшықтап жазды. Олардың арасында Сафи Өтебаев, Нәсіпқали Марабаев, Николай Петров, Халел Өзбекқалиев, Жолдас Тоқжанов, Қайып Азанбаев, Валентин Токарев, Салық Рысқалиев, Хасан Тәжиев сияқты мұнай майталмандары бар. Еңбек ардагерлерінің Маңғыстау жерінде тыңнан түрен салып, мұнай көзін ашқан ересен ерлігі қалай мақтауға да лайық.



Сондықтан да мен Маңғыстау мұнайын тұңғыш игерген еңбек ардагерлері мен жас ұрпақ өкілдерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Оларға зор денсаулық, бақуатты өмір және үлкен табыс тілеймін!

Мерейлі мерекеде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Махамбет Досмұхамбетов ұжым мүшелерін кәсіби мерекесімен құттықтады:

- «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы жарты ғасырдан бері дамып, өркендеп келеді. Осы жылдар ішінде кенорындарының құрылуы мен жаңа мұнайшылар буынын тәрбиелеуде көлемді жұмыстар атқарылды. Білімі мен қорын тиімді пайдаланудың арқасында біздің компаниямыз Қазақстан мен Маңғыстау облысындағы мұнай-газ секторының жетілуіне үлкен септігін тигізуде. Өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің тұрақты түрде артуы, ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, мұнай-газ өндіру компаниясы жұмысшыларының жоғары біліктілігі, құрылымдық сервистік өндіріс орындары көптеген жылдар бойы «Маңғыстаумұнайгаз» жұмысын басқалардан ерекшелеп келеді. Әрине, бұл жетістіктерге Жетібай мен Қаламқас мұнайшыларының қосқан үлесі зор. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мұнай өндіру бөлімшесі болып табылатын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының еңбек ұжымы жыл сайын жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келе жатыр. Олар алдыңғы жылы да, өткен жылы да табыс биігінен көрінді. Үстіміздегі жылдың жеті айында жетібайлықтар жоспардан артық 50 мың тонна мұнай өндіріп, тамыз айында жоспардан артық 60 мың тонна шығарғалы отыр. Қаламқастық мұнайшылардың табысы да олардан кем емес. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының еңбеккерлері «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының қамбасына барлық өндірілген мұнайдың 70 пайызын құйып отыр,-деді Махамбет Жолдасқалиұлы.- Құрметті әріптестер, бүгінгі мерекеде мен баршаңызға, еліміздегі маңызды мұнай-газ өндіру саласына бүкіл өмірін арнаған адамдарға алғысымды білдіргім келеді. Бүгінгі мереке - ерлік мерекесі, мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі адамзат айбыны мен рухани күш мерекесі. Өйткені әрбір



өндірілген баррель мен тонна мұнайдың артында көптеген мұнайшы буынның аянбай еткен еңбектері, ұйымшылдығы, кәсіби шеберліктері жатыр.

Тағы да мерекелеріңізбен, қымбатты әріптестер, достар, сала ардагерлері! Сіздерге денсаулық, бейбітшілік, тұрақтылық, амандық пен ертеңгі күнге деген сенімділік тілеймін!

Сонымен қатар мерекелік кездесулерде мұнайшылар мен сервистік компаниялардың өкілдерін Маңғыстау ауданының әкімі Жармағанбет Айтуаров, Қарақия ауданы әкімінің орынбасары Әбдеш Түрікменбаев, «Маңғыстаумұнайгаз акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Санатбай Масатов, «Ақтаумұнайсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Талғат Қошанов және өндірістік басқармалардың басшылары мен еңбек ардагерлері құттықтады.

Мерейлі мерекеде мұнай компаниясының еңбек озаттары мен сервистік кәсіпорындардың еңбеккерлері облыс әкімінің құрмет грамоталарымен, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының естелік төсбелгілерімен және құрмет грамоталарымен, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармаларының, «Ақтаумұнайсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрмет грамоталарымен, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік бөлімшелері арасындағы спорттық жарыстардың жеңімпаздары дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Марапаттау рәсімінің соңы «Жігіттер» тобының мерекелік концерті мен «Шаншар» әзіл-оспақ театрының өнеріне жалғасып, маңғыстаулық мұнайшылардың көңіл-күйлерін бір серпілтіп тастады.





# ӘКІМ МҰНАЙШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

**Қазақстан мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында «Абай» атындағы мәдени демалыс кешенінде мерекелі шара болып өтті. Маңғыстау облысының әкімі мұнайшыларды мерекемен құттықтап, өндіріс озаттарына құрмет грамоталарын табыстады.**



Мәдени демалыс орнының үлкен залы сыйлы қонақтар мен тұңғыш жол салушы ардагерлерге, қаһарлы мекеннің мол мұнайын өндірудегі алдыңғы қатарлы мұнайшыларға, мұнайгаз өндіру саласындағы еңбегі еленген қызметкерлерге лық толды. Шараның салтанатты бөлімі өңірдегі мұнай саласының қалыптасуы мен дамуы жолындағы және облыс мұнайшыларының тарихы айшықталған деректі фильммен ашылды.

Салтанатты шарада облыс әкімі Алик Айдарбаев ардагер-мұнайшыларға құттықтау сөз арнады:

- Құрметті мұнайшылар, ардагерлер! Бүгін бұл залда мықтылығы күн санап шыңдалатын, мұнайгаз саласын жетік меңгерген кәсіпқой мамандар отыр. Сіздермен бірге 25 жыл қатарынан жұмыстас болған адам ретінде, бұл салада мақсатты, сенімді, дарынды адамдар ғана жұмыс жасайтынын сенімді түрде айта аламын. Бүгінге дейін облыстағы әр-бір жұмыс жасайтын адамның төртіншісі - мұнайгаз саласының еңбеккерлері. Олар тұңғыш жол салушылар мен мұнайшы ұрпақтың еңбек қарбаласының нәтижесі болып табылады. Сондықтан біз мұнайшылардың даңқы мен қаһармандығының бейнесі болып табылатын ардагерлерімізді аса құрмет тұтамыз. Сонымен қатар, облыстың әлеуметтік саласының дамуына үлестерін қосып келетін ірі кәсіпорындардың да еңбегін атап өткен жөн.



Соңғы үш жылда осы мақсатқа олардан 14 млрд. тенге жіберілді. Соның арқасында облыс көлемінде көптеген әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынды. Осындай жұмыстарға белсенді қатысып отыратын мұнай компанияларының басшыларына алғысымды білдіремін.

Салтанатты шара өңір басшысының ардагерлерді және өндіріс озаттарын құрмет грамоталармен, алғыс хаттармен марапаттауымен жалғасты. Марапатталғандардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысшылары мен зейнеткерлері болғандығын атап айту керек. Облыс әкімінің қолынан сыйлық алғандардың қатарында Илияш Тасболатова да бар.

- Мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да 43 жыл еңбек еттім. Осы жылдар ішінде мен көшіру-көбейту машинасының операторы болып, 2010 жылы зейнеткерлікке шықтым, - деді Илияш апа. – Біздей ардагерлерді ұмытпай, елеп-ескеріп, қамқорлық танытқандары үшін қуаныштымын. Мүмкіндікті пайдалана отырып «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барлық жұмысшыларын мерекемен құттықтаймын. Еңбектеріне табыс, мықты денсаулық, жаңа белестерден көріне берулерін тілеймін!

Өңірдегі мұнай саласының тұңғыш жол салушыларын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма бастығының геология және перспективалы жобалары бойынша орынбасары Құрманғазы Исқазиев құттықтады, ҚР мұнай және газ министрлігінің мұнайгаз өнеркәсібінің дамуы жөніндегі департамент басшысы Бахыт Маханов ҚР мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалиннің атынан құттықтау хатын оқып, өндіріс озаттарына дипломдар мен төс белгілер табыстады.

# БІЛІМ ҮШІН - ҚЫТАЙҒА

**Жылдағы дәстүр бойынша жаз мезгілі аяқталысымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мәжіліс залында Маңғыстау облысының мектеп бітіруші түлектеріне Қытай Халық Республикасының Мұнай университетіне және Солтүстік-Қытай Электроэнергетикалық университетіне салтанатты түрде білім гранттары табыс етілді.**

ҚХР-ғы алдыңғы қатарлы оқу орындарында мұнай саласы бойынша мамандар даярлау туралы шешім «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығымен 2010 жылы қабылданған болатын. Сол кезден бері, жыл сайын, Компания есебінен облыстағы орта мектептерден ҚХР білім алуға сегіз түлектен жіберіліп отырады. Осындай игі шара биыл да жалғасын тауып, білім алуға ортамыздан сегіз гранттың бақытты иегерлері аттанбақ. Стипендианттар Компаниядағы сұранысқа ие келесі мамандықтар бойынша білім алады: «мұнайгаз ісі», «геология», «мұнай мен газды сақтау және тасымалдау» т.б.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Сунь Синъюнь мырза студенттерге сәтті білім алу жолында «ақ жол» тілеп, ол жақтан барлығының лайықты білім алатынына сендірді.

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастардың сапалы білім алып, елге сауатты маман иегерлері болып оралуы үшін барлық жағдайды жасайды, - деді Сунь Синъюнь. – Алдарыңызда өмір жолының жаңа асулары күтіп тұр. Сол асуларды еш қиындықсыз бағындыратындарыңызға сенемін.

Сондай-ақ, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Адам ресурстарын басқару департаментінен Ербол Едiлов сөз алды:

– Құрметті жиынға қатысушылар! Сіздерді Маңғыстау облысының 40, Ақтау қаласының 50 жылыдығымен құттықтай отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан ҚХР оқуға түскен Қазақстан студенттерінің жолдары болсын. Еліміз аман болсын.

Өз кезегінде студенттер Қытайдағы жоғарғы оқу орындарында білім алуларына мүмкіндік берген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына алғыстарын жаудырып, артылған үлкен үмітті ақтайтындарын айтты.



- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ көрсеткен қолдауы үшін рахметімді айтамын, - деді білім гранты жеңімпаздарының бірі Перизат Жақсылықова. - Университетке түсуім маған өзімді жақсы жағынан көрсетуіме көп мүмкіндік береді. Отанымнан қашықта білім алуға тура келсе де, қытай тілін жетік меңгеріп, өз елімің нағыз патриоты болуға тырысамын.

Студенттердің ата-аналары атынан Элина Мангубаева сөз алды:

- Балаларымыздың ҚХР білім алуына жол ашқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ айтар аналық алғысым шексіз. Сіздер Елбасы қойған «бәсекеге қабілетті ел және жас буын» бағдарламасын орындап отырсыздар. Ата-ана ретінде балаларымыз жетік білім алып, мемлекетіміздің дамуына үлес қосатын ел мақтаныштары болатынына сенімдіміз.

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысшылары балаларының оқуын қаржыландыру Ережелері» негізінде, Қоғам қызметкерлерінің 2013-2014 оқу жылында жоғары және орта арнаулы білім беретін оқу орындарында дәріс алатын балаларының оқуын төлеу жөнінде материалдық көмек көрсету үшін құжаттар қабылданатынын естеріңізге саламыз.

**Тапсырылуға қажетті құжаттар тізбесі:**

1. Қызметкердің оқуды төлеу туралы өтініші (үлгі бойынша толтырылады).
2. Оқу орнынан студенттің оқитынын растайтын құжат.
3. Студенттің сынақ кітапшасы немесе орта оқу орнын бітіріп шыққаны туралы аттестаты.
4. Студент пен ЖОО (АОО) арасындағы жылдық оқу ақысы көрсетілген оқу шартының көшірмесі.
5. Қызметкердің еңбек ақысы туралы анықтамасының түпнұсқасы.

Құжаттар Адам ресурстарын басқару департаментінің персоналды оқыту және дамыту бөлімінде **2013 жылғы 27 тамыз бен 27 қыркүйек** аралығында, сенбі мен жексенбіден басқа жұмыс күндерінде сағат **15.30-дан 17.30-ға** дейін қабылданады.

Анықтама алу үшін мына мекен-жайға хабарласуға болады: Ақтау қаласы, 6 ш/а, №1 ғимарат, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кеңсесі, 303 кабинет, тел.: 211-356.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Настоящим доводим до Вашего сведения, что на основании «Правил финансирования обучения детей работников АО «Мангистаумунайгаз», будет производиться прием документов на оказание материальной помощи для оплаты за обучение детей работников Общества на 2013-2014 учебный год в высших и средних специальных учебных заведениях.

**Перечень документов, которые необходимо представить:**

1. Заявление работника на оплату обучения (заполненное по форме).
2. Документ из образовательного учреждения, подтверждающий статус студента.
3. Зачетная книжка студента, или аттестата выпускника среднего учебного заведения.
4. Копия договора обучения, заключенный между студентом и ВУЗом (СУЗом) с указанной стоимостью обучения за год.
5. Оригинал справки о заработной плате работника.

Прием документов будет осуществляться в отделе обучения и развития персонала ДУЧР **с 27 августа по 27 сентября 2013г.** ежедневно (кроме субботы и воскресенья) **с 15-30ч. до 17-30ч.**

По всем интересующимся вопросам обращаться по адресу: г.Актау, 6 мкр., здание №1 офис АО «Мангистаумунайгаз», кабинет №303, тел: 211-356.

# ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ

**ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ дәстүр бойынша жыл сайынғы «Мамандық үздігі» сайысы бойынша қорытынды шығарды. Арнайы құрылған комиссия «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ операторлары мен слесарьлері және электргаздәнекерлеушілері арасында үздіктердің үздігін анықтады.**




*Елдос Тілеген, Әнуар Сынабаев, Саламат Табылғанов*

- Аталмыш сайыс Компаниядағы кадр саясатын жүргізу құралы болып табылады, - деді АРБД еңбекті мөлшерлеу және ұйымдастыру бойынша бастықтың орынбасары Рахат Садиров.

- Ол қызметкерлердің шеберлік деңгейін көтеруге, адамдарды ынталандырып, одан әрі дамуын мақсат етіп қоюға көмектеседі. Үздіктерді анықтаудан басқа байқау - жұмысшы мамандықтардың беделін көтеріп, өндірістік мәдениетті жетілдіреді. Өзге өндіріс орындарының құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмысшылармен іскерлік қарым-қатынас орнатып қана қоймай, мол тәжірибе алады.

Операторлар, слесарьлер мен газэлектрдәнекерлеушілер арасындағы сайыс екі кезең бойынша ұйымдастырылды.

Бірінші – теориялық білімін тексеру: қатысушылар мамандық, қауіпсіздік




*Сәрсен Қуандықов, Нұрсерік Наренбаев, Мұрат Жакупов*

техника және т.б. дағдысы бойынша 50 сұрақтан тұратын тестілеуден өтеді. Әрбір дұрыс жауапқа бір ұпайдан беріледі.

Екінші кезең – тәжірибе жүзінде өтті. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру операторларының кәсіби деңгейі мен тәжірибелік дағдысы ауыздықты жабдықтың сальникті тығыздауышын алмастыру бойынша жүзеге асты. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ операторлары № 2533 ГУ-27 МГӨБ-1 ұңғымада электр қозғалтқышының тегергіш қайысын алмастыру бойынша сайысты. Ал слесарьлер байқауында жапқышты неғұрлым тез бөлшектеп, жинастырып ревизиялау, бұйымның ақауларын анықтау қажет болды.

Электргазэнекерлеушілердің үздігін - диаметрі 114х8 түйістіріліп жалғанған құбырлық шарғыларды бақылау бойынша анықтады. Уақыт көрсеткіші – 21 минут, кеңістіктегі жік түрі біріктірілген, оралымсыз.

Қатысушылар арасында тәжірибелік сайыс бойынша жеңімпаздарды анықтауда төмендегідей белгілер ескерілді:

Еңбек өнімділігі, жұмысты орындаудағы сапа мен жылдамдық, қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуы, киім кию үлгісінің үйлесімділігі және т.б.

Теориялық және тәжірибелік сайыс қортындылары бойынша әрбір қатысушының жинаған ұпайлары есептеліп, жоғары ұпай жинағандар жеңімпаз атанды.

**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Үздік мұнай және газ өндіру операторы**

I орын - Саламат Табылғанов (№1 МжГӨЦ, 4 разрядты оператор, 100 000 теңге сыйақы);

II орын – Әнуар Сынабаев (№3 МжГӨЦ, 3 разрядты оператор, 75 000 теңге сыйақы);

III орын – Елдос Тілеген (№3 МжГӨЦ, 3 разрядты оператор, 50 000 теңге сыйақы);

**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ Үздік мұнай және газ өндіру операторы**

I орын – Сәрсен Қуандықов (№2 МжГӨЦ, 4 разрядты оператор, 100 000 теңге сыйақы);




*Сүйеужан Дүйішев, Чингиз Абдыров, Мамыртай Тасмұратов*

II орын – Мұрат Жакупов (№1 МжГӨЦ, 4 разрядты оператор, 75 000 теңге сыйақы);

III орын – Нұрсерік Наренбаев (№3 МжГӨЦ, 3 разрядты оператор, 50 000 теңге сыйақы);




*Ағаберді Алдабергенов, Қуат Атамбаев, Беріккали Ибраев*

**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Үздік слесарь-жөндеуші**

I орын - Мамыртай Тасмұратов (№1 МжГӨЦ, 5 разрядты слесарь-жөндеуші, 100 000 теңге сыйақы);

II орын – Чингиз Абдыров (ААСАҚ МКДжАЦ, 4 разрядты технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі, 75 000 теңге сыйақы);

III орын – Сүйеужан Дүйішев (№2 МжГӨЦ, 3 разрядты слесарь-жөндеуші, 50 000 теңге сыйақы);

**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ Үздік слесарь-жөндеуші**

I орын - Беріккали Ибраев ПҚЖПЦ, 4 разрядты слесарь-жөндеуші, 100 000 теңге сыйақы);

II орын - Қуат Атамбаев (МАӨЦ, 3 разрядты технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі, 75 000 теңге сыйақы);

III орын – Ағаберді Алдабергенов (мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын сервистік қамту қызметінің, 5 разрядты слесарь-жөндеуші, 50 000 теңге сыйақы);

**Үздік электргаздәнекерлеуші**

I орын – Асылбек Ноғаев («Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МКДжАЦ, 5 разрядты электргаздәнекерлеуші, 100 000 теңге сыйақы);

II орын – Асылбек Жарманов («Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ПҚЖПЦ, 5 разрядты электргаздәнекерлеуші, 75 000 теңге сыйақы);

III орын – Ерғали Атантаев («Жетібаймұнайгаз» ӨБ ГДТжГШПЦ, 5 разрядты электргаздәнекерлеуші, 50 000 теңге сыйақы);



*Ерғали Атантаев, Асылбек Ноғаев, Асылбек Жарманов*

## ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

# МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ ТАРИХЫ: ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

# ИСТОРИЯ МАНГИСТАУСКОЙ НЕФТИ: ЭТАПЫ БОЛЬШОГО ПУТИ

### 1961

5 шілде күні Жетібайда №6 ұңғыдан алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Ұңғыны қазған бұрғылау мастері Николай Петровтың бригадасы.

Бұдан сәл кейін «Өзен» кенорнындағы №-К-18 ұңғысынан Маңғыстау түбегінде алғашқы газ алынды.

5 июля в Жетыбае забил первый фонтан нефти из скважины № 6. Проходку осуществляла бригада бурового мастера Николая Петрова.

Несколько позже впервые на полуострове Мангышлак из скважины № К-18 месторождения «Узень» получен фонтан газа.

### 1963

**КСРО халық шаруашылығы Жоғары Кеңесінің (ХШЖК) 1963 жылдың 7 қыркүйегіндегі №53-12 және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1963 жылдың 5 қарашасындағы, сондай ақ Батыс-Казақстан Кеңес халықтық шаруашылығының 1963 жылдың 27 қарашасындағы Қаулылары негізінде «Маңғышлақнефть» мемлекеттік өндірістік бірлестігі құрылды.**

«Қарамандыбас» мұнай кенорны ашылды.

**Постановлением Верховного Совета народного хозяйства (ВСНХ) СССР от 7 сентября 1963 года №53-12 и Совета Министров Казахской ССР от 5 ноября 1963 года, а также Западно-Казахстанского Совнархоза от 27 ноября 1963 года было создано государственное производственное объединение «Мангышлакнефть».**

Открыто нефтяное месторождение «Карамандыбас».

### 1964

Ұзындығы 720 шақырым «Мақат-Маңғышлақ» теміржол желісі уақытша пайдалануға тапсырылды. «Өзен» мұнай кәсіпшілігі басқармасы құрылды.

Сдана во временную эксплуатацию железнодорожная линия «Макат – Мангышлак», протяженностью 720 км. Организовано нефтепромысловое управление «Узень».

### 1965

«Мангышлакнефть» бірлестігінің атауы «Казахстаннефть» бірлестігі болып өзгертілді. Жаз айында Маңғыстаудың алғашқы мұнайы тұтынушыларға жөнелтілді.

Объединение «Мангышлакнефть» переименовано в объединение «Казахстаннефть». Летом потребителям отправлена первая мангышлакская нефть.

### 1966

Маңғыстау түбегінде мұнай кенорнын ашқан бір топ ғалымдар, инженерлер мен геологбарлаушылар Лениндік сыйлықтың лауреаты деген жоғары атаққа ие болды.

«Жетыбайнефть» мұнай кәсіпшілігі басқармасы құрылды.

10 қазанда Маңғыстаудың 3000 тонна мұнайы тиелген танкер Волгоградқа жол тартты.

Группа ученых, инженеров и геологоразведчиков, открывших на полуострове Мангышлак нефтяные месторождения удостоена высокого звания Лауреатов Ленинской премии.

Создано нефтепромысловое управление «Жетыбайнефть».

10 октября танкер с 3000-ми тонн мангышлакской нефти впервые взял курс на Волгоград.

### 1967

Қаңтар айында «Жетібай» және «Бектұрлы» кенорындары өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Дүниежүзіндегі алғашқы бірегей «Өзен-Гурьев-Куйбышев» трансконтиненталды «ыстық» мұнай құбырының құрылысы басталды.

В январе пущены в промышленную эксплуатацию месторождения «Жетыбай» и «Бектурлы». Начато строительство первого в мире уникального «горячего» трансконтинентального нефтепровода «Узень – Гурьев – Куйбышев».

### 1968

Маңғыстаудың «Жетібай» кенорнында алғаш рет мұнай өндірудің газлифт әдісі енгізіліп, ол бірлестіктің басқа кенорындарында одан әрі дамытылды.

Впервые на Мангышлаке на месторождении «Жетыбай» внедрен газлифтный метод эксплуатации, получивший развитие и на других месторождениях объединения.

### 1969

Жетібай кенорнында мұнай өндіру 1 млн., ал Қазақстан бойынша – 10 млн.тоннаға жеткізілді.

На месторождении «Жетыбай» добыча нефти доведена до 1 млн., а по Казахстану – 10 млн. тонн.

### 1971

Қазақ газ өңдеу зауытын салу туралы шешім қабылданды.

«Жетыбайнефть» МГӨБ бойынша мұнай өндіру 5 млн.тоннаға жеткізілді.

Принято решение построить Казахский газоперерабатывающий завод.

По НГДУ «Жетыбайнефть» добыча доведена до 5 млн. тонн.

### 1973

Мамыр айында – «Қарамандыбас», қазанда – «Асар», «Оңтүстік Жетібай» мұнай кенорындары пайдалануға берілді.

Пущены в эксплуатацию нефтные месторождения: в мае – «Карамандыбас», в октябре – «Асар», «Южный Жетыбай».

### 1974

Тұңғыш Қазақ газ өңдеу зауыты салынды.

Бозашы жарты аралында «Қаламқас» және «Қаражанбас» мұнай кенорындары ашылды.

«Жетыбайнефть» МГӨБ кәсіпшіліктерін телемеханизациялау жүзеге асырылды.

Построен первый в Казахстане газоперерабатывающий завод.

На полуострове Бузачи открыты нефтяные месторождения «Каламкас» и «Каражанбас».

Осуществлена телемеханизация промыслов НГДУ «Жетыбайнефть».

### 1978

«Шығыс Жетібай» мұнай кенорны пайдалануға берілді.

Запущено в эксплуатацию нефтяное месторождение «Восточный Жетыбай».

### 1979

«Комсомольскнефть» мұнайгаз өндіру басқармасы құрылды.

Тамыз-қыркүйек айларында Бозашы жарты аралында «Қаламқас» және «Қаражанбас» мұнай кенорындары пайдалануға берілді.

Создано нефтегазодобывающее управление «Комсомольскнефть».

В августе-сентябре пущены в эксплуатацию нефтяные месторождения на полуострове Бузачи – «Каламкас» и «Каражанбас».

### 1980

«Қаламқас» кенорнында полимерлік суландырудың тәжірибелік-өнеркәсіптік сынағы басталды.

Начато опытно-промышленное испытание полимерного заводнения на месторождении «Каламкас».

### 1981

Қазан айында «Оймаша» кенорны іске қосылды.

В октябре пущено в эксплуатацию нефтяное месторождение «Оймаша».

### 1982

«Жетыбайнефть» МГӨБ құрылған күнінен бері 40 млн.тонна мұнай өндірді.

НГДУ «Жетыбайнефть» добыло 40 млн. тонн нефти со дня образования.

### 1983

«Шығыс Жетібайда» мұнай өндірудің газлифт әдісі енгізіліп, нәтижесінде кенорнында мұнай өндіру 2 есе өсті.

В «Восточном Жетыбае» внедрен газлифтный метод добычи нефти, в результате чего добыча на месторождении выросла в 2 раза.

### 1984

«Асар» мұнай кенорны мұнай өндірудің газлифт әдісіне көшірілді.

Нефтяное месторождение «Асар» переведено на газлифтный метод эксплуатации.

### 1988

«Жетыбайнефть» МГӨБ құрылған күнінен бері 50 млн.тонна мұнай өндірді.

НГДУ «Жетыбайнефть» добыло 50 млн. тонн нефти со дня образования.

### 1992

«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің атауы «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі болып өзгертілді.

Производственное объединение «Мангышлакнефть» переименовано в ПО «Мангистаумунайгаз».

### 1994

«Маңғыстаумұнайгаз» құрамынан «Өзенмұнайгаз» МГӨБ дербес өндірістік бірлестік болып отау тікті.

Из состава «Мангистаумунайгаз» в самостоятельное производственное объединение выведено НГДУ «Озенмунайгаз».

### 1995

«Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі ашық акционерлік қоғамға айналды.

ПО «Мангистаумунайгаз» преобразовано в открытое акционерное общество.

### 1996

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 18 қыркүйек күні Ақтау қаласында «Маңғыстаумұнайгаз» алдына жаңа міндеттер қойып, Қазақстанның мұнай өнеркәсібін одан әрі дамыту жолдарын айқындап берді.

18 сентября в Актау Президент РК Нурсултан Назарбаев поставил перед «Мангистаумунайгаз» новые задачи и определил дальнейшее развитие нефтяной промышленности Казахстана.

### 1997

«Central Asia Petroleum LTD» компаниясы халықаралық тендерде жеңіп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акциясының 60 пайызына ие болды.

Победив в международном тендере компания «Central Asia Petroleum LTD» приобрела 60% акций АО «Мангистаумунайгаз».

### 1999

Тұрмысқа қолайлы етіп жарақтандырылған Қаламқас вахталық поселкесінің құрылысы тұтастай аяқталды.

В целом завершена работа по строительству жилого благоустроенного вахтового поселка на Каламкасе.

### 2001

Асарда 144 орындық екі жатақханасы бар тұрғын кешені мен 80 орындық асхана салынды.

В Асаре построен жилой комплекс с двумя общежитиями на 144 места и столовая на 80 мест.

### 2003

Қаламқаста газ бөлу пункті қолданыла бастады.

ГРП начали применять на Каламкасе.

### 2009

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ қарайтын «MANGISTAU INVESTMENTS B.V.» компаниясы мен «CNPC» (ҚХР) компаниясы тепе-теңдік жағдайда «Маңғыстаумұнайгаз АҚ-ның акционері болды.

Акционером АО «Мангистаумунайгаз» стала компания «MANGISTAU INVESTMENTS B.V.», принадлежащая АО НК «КазМунайГаз» и «CNPC» (КНР) на паритетных условиях.

### 2010

Қызметкерлердің әлеуметтІк қорғалуының барынша жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бизнестің әлеуметтік жауапкершілік саласында республикалық «Парыз» байқауының лауреаты атанды.

Подписан новый Коллективный договор, обеспечивающий работникам значительно более высокую степень социальной защищенности. АО «Мангистаумунайгаз» стало лауреатом республиканской премии в области социальной ответственности бизнеса – «Парыз».

### 2011

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ компанияның қайтадан техникалық жабдықталуы және өндірісті жаңарту басталды.

В АО «Мангистаумунайгаз» начато техническое перевооружение компании, взят курс на модернизацию производства.

### 2012

Әлеуметтік-өндірістік маңыздылығы бар көптеген нысандар қолданысқа берілді. Қаламқас кенорынында және Жетібай елді мекенінде жаңа спорттық-сауықтыру кешендері салынды, ауысымды поселкелердегі жатақханалар мен асханалар күрделі жөндеуден өткізілді.

Сданы в эксплуатацию множество объектов социально-производственного значения. На месторождении Каламкас и в поселке Жетыбай построены новые спортивно-оздоровительные комплексы, произведен капитальный ремонт общежитий и столовых в вахтовых поселках.

### 2013

Мерейтойлы 2013 жылы («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құрылғанының 50 жылдығы) Компания басшылығы 6 млн. тоннадан артық мұнай өндіруді жоспарға қойып отыр!

В юбилейный 2013 год (АО «Мангистаумунайгаз» отмечает 50-летие со дня образования), руководством Компании поставлена задача добыть свыше 6 млн. тонн нефти!

# «Білсем, көрсем, үйренсем екен» деген құлшыныстты адамдарды сыйлаймын

**Дәл осы сөздер Компаниямызда біраз жылдар жауапты қызметте еңбек етіп келетін ардагер ағамыздың өмірлік ұстанымын айшықтайды.**

**Қыркүйек айында «Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің» компьютерлік жүйе және коммуникация бөлімі бастығы Төлебаев Хикмат Мұстахимұлы асқаралы 60 жасты бағындырады. Компанияның жарты ғасырлық мерейтойы қарсаңында 20 жылдың үстінде еңбек етіп келетін туған күн иесімен сұхбаттасқан едік.**



**- Сіздің, жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысқа орналаспас бұрын КСРО қорғаныс секторында жұмыс жасағаныңызды білеміз. Бұл сіздің мамандығыңызбен және қазіргі жұмысыңызбен қалай байланысты?**

- Сол кездегі жаңа өлшеуіш техникасымен жұмыс жасағаныма, автоматтандырылған кешеннің өңделуіне жолым болып қатысқаныма қуанамын. Өндірісті автоматтандыру маманы ЖОО бағдарламасымен білім алу барысында негізгі пәндер физика, математика, электротехника, нақты механика, метрология, автоматтандырылған басқару теорияларынан бөлек электроника, компьютерлік және ақпараттық-өлшеуіш техникасы салаларын сапалы меңгеріп шықтым. Сондықтан әскери және арнайы конструкторлы бюрода жұмыс жасау маған білімімді одан әрі шыңдауға мүмкіндік берді.



Өткен жүзжылдықтың 70-жылдары дербес компьютерлер болмағандықтан бағдарламашылар мен математиктер үлкен әрі түрлі фирмалардың (IBM, DEC, HP) әр түрлі архитектурамен жасалған электронды-есептеуіш машиналарымен жұмыс жасаған болатын. Еңбек жолымды мен де Хьюлетт-Паккард фирмасының электронды-есептеуіш машинасына ұқсап жасалған М6000 есептеуіш кешеннің басқарушысынан бастадым.

**- 1979 жылы (сол кездегі) Шевченко қаласына келгеннен кейін Сіздің жұмысыңыз компьютерлік техникамен және статистикалық, геофизикалық, мұнай кәсіпорны ақпаратын жаңартып отырумен тығыз байланысты болды?**

- Ия, 1979 жылдан 1991 жылға дейін мен техникалық бөлімге, сондай-ақ инженерлермен қамтамасыз етуді дамыту, есептеуіш қуаттарды модернизациялауға жауап беретін екі Есептеуіш Орталықта жұмыс жасадым. 80-жылдары Маңғышлақ облысындағы кәсіпорындарды жаңа электронды есептеуіш машиналармен жабдықтау кезеңі басталды. 1985 жылы Маңғышлақ облысындағы статбасқармасын ЕС-1035 есептеуіш орталығымен қайта жабдықтау сәтті аяқталды, ал 1990 жылы Маңғышлақ геофизикалық МинГео ҚССР-нан электрқуаты, кондиция, дискі жинақтауға арналған герметикалық аймақты қондыратын яғни, пуск жөндеу жұмыстарына қатыстым, екі ЭГВК ПС-2000 экспедициялық геофизикалық есептеуіш кешендері бөлінді. Сол кезде 100 кВт-қа дейін қуат жұмсайтын электронды есептеуіш машиналары КСРО мемлекет жоспарымен ЭЕМ-ға бөлінетіндей өндірістік салқындатқыштарды қажет етті. 1987 және 1991 жылдары екі рет кезекті есептеуіш кешені іске қосылғаннан кейін мен жолға қойылған саланы артқа тастап, есептеуіш орталығының бас инженері қызметінен кәсіби өсуіме тікелей қатысты басқа қызметке кеттім. 1991 жылы «Маңғышлақнефть» ӨБ ақпараттық-есептеуіш орталығына келуім дербес компьютерлерді енгізіп, компьютерлік желілерді дамыту жұмыстарының басталуымен сәйкес келді. Алда серверлердегі ескірген есептеуіш жүйелерді ауыстыру, бағдарламалық кешендердің жаңа бағдарламалы-аппараттық негізге алмасуы және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның корпоративті компьютерлік желісін жасау сияқты көп жұмыстар күтіп тұр еді. Айта кетерлігі, бұл жерде АЕО-нда маған өндірісті автоматтандыруға қайта оралуға тура келді, бірақ тек жаңа деңгейде. 1992-1993 жылдары Қаламқас кенорнында 2002 жылдан қолданыста болған Радиус-2000 жүйесімен толықтай алмасқан ТМ-620 телемеханика жүйесін компьютерлік басқаруды өңдеп, енгізу жұмыстары жасалған болатын.

**- Қазіргі таңда Сіздің жұмысыңыз ақпараттық технологияларды өндіріске енгізу болып табылады, жалпы бұл өзгерісті Қоғамымызда қолдану туралы не айтар едіңіз?**

- Ақпараттық автоматтандырылған жүйе қазіргі таңда барлық салаларда: мемлекетті басқару, қаржы жүйесінде, білім мен денсаулық салаларында қолданылады. Алайда толықтай автоматтандыру қауіпті де ауыр жағдайдағы жұмыстарда адамдарды алмастыру мақсатында өндіріс орындарында жүзеге асырылады. Бұл жерде адамның тек бақылауын қажет ететін толықтай автоматтандырылған жүйенің (ТП БАЖ-АСУ ТП) атқаратын ролі өте жоғары. Автоматтандыру мен компьютерлік жөндеу негізінен адамзат ағзасына ұқсайды. Ми – есептеуіш құрылғы, мәліметтерді жедел және ұзақ мерзімді сақтау жүйесі, жүйке жүйесі мен сезім мүшелері - тетіктер мен деректерді табыстау желісі, қозғалыс аппараты – автоматтандырылған қозғалтқыш, санадан тыс сезім, әдет пен рефлекс – ағзаның перифериялық жүйесін басқару кіші бағдарламалары, ал заң мен нұсқамалар құйылған бағдарламалар тәрізді. Қазіргі таңда бір-біріне тәуелсіз ақпараттық салалардың ішінде компьютерлік өңдеу, автоматика мен телемеханика, байланыс, өлшеуіш техникасы мен метрология топтасып, түбірінде түрлі басқару процестеріне қолданатын ақпараттарды өңдеп, цифрлайтын негіз жатқан ақпараттық жүйеде біріктіріледі, техниканы басқару, есеп-қисаптан бастап аналитикалық жүйеге сәйкес жұмыс қортындысына сүйене отырып салаларды басқаруға дейін. Өндірісті басқару мен бақылауға арналған осындай міндеттерді шешу үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2001 жылы ақпаратты мониторингтау және компьютерлік жөндеу басқармасы базасында кешенді автоматтандырудың жоғарғы деңгейде жұмыстанатын ақпараттық технологиялар мен байланыс, автоматтандыру басқармасы (департаменті) құрылды. Осылай компьютерлер мен дерекқорларды қолдана отырып, кенорындарында мұнай өндіру инфрақұрылымының ірі жүйелері болып саналатын - телемеханика жүйесі, топтасқан қондырғылардағы сұйықтықты тартып шығару және сұйықтықты қабатқа шайқау (БКНС) есебі жаңаланды. Қаламқас пен Жетібай кенорындарында мұнайды дайындап қайта айдауды компьютерлік бақылау жүйесі іске қосылды, орталықтандырылған есеп жүйесі мен мұнай өндіру және қабат қысымын қолдау цехтарын кәсіпшілік жабдықтау жұмыстарының есебі қалыптасты. Құрамында ақпарат көздері (датчиктер), контроллерлер, компьютерлік техника мен серверлік дерекқорлары бар барлық жүйелер тәулік бойы жұмыс жасайды және соның арқасында өндірісті басқару топтары Қоғамның ортақ корпоративті компьютерлік жүйесі арқылы мұнай кәсіпшілігіндегі нысан жұмыстары туралы жедел ақпарат алып отыр.

**- Болашақтағы жоспарларыңыз қандай?**

- Біздің кәсіпорынның дамуына шамам жеткенше үлесімді қосу, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы мұнай өнеркәсібін бақылап, басқаруды жақсартуға арналған ақпараттық технологиялардың жаңа бағыттарын енгізуге қатысу.

**- Арманыңыз?**

- Қазақстан Республикасы өз табиғатындағы шикізат қорларын пайдалана отырып - қайта өңдеу өнеркәсібі жақсы дамыған, бақуатты ауыл-шаруашылығы бар ірі мемлекет болғанын қалаймын. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығында жоғары технологиялық, автоматтандырылған қайта өңдеу өнеркәсібі ашылса, ауылдағы жұмыс ауқымын жеңілдететін көптеген заманауи ауылшаруашылық техникалары болғанын қалар едім. Мемлекет инфрақұрылымды дамытып (жол, тұрғын үй мәселесі, су, газ, байланыс, мектептер мен ауруханалар және т.б.) жастардың өмір сүруіне жағдай жасаса деймін, сонда ғана жастар ауылда тұруға талпынар ма еді.

**- «Адамның бір қызығы бала деген» демекші, енді отбасыңыз туралы қысқаша айтып өтсеңіз**

- 34 жыл бойы өмірлік жарыммен бір шаңырақ астында тұрып жатырмыз. Алмаз, Айбар атты екі ұлымыз бар. Ұлдарым жоғары білімді өздері таңдаған маман иелері. Алдағы үлкен жаңалығымыз – туған күнімде Алмазым шаңырақ көтермекші.

**- Қуанышыңызға ортақпыз Хикмат Мұстахимұлы, сұхбат соңында Кәсіпорынның мерейтойына тілегіңіз?**

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ел экономикасына ауқымды үлес қосып қана қоймай, аймағымыздың дамуына қатысты әлеуметтік тұрғыда да, тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі бойынша да атсалысуда. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на гүлденіп, жаңа белестерді бағындыра беруін, ал әріптестеріме денсаулық, жанұяда бақыт тілеймін. Маңғыстаулық жас буындарға жоғары білікті маман болып, Қазақстанның өркендеуіне лайықты үлес қосатын азамат болың демекпін.

**- Әңгімеңізге рахмет Хикмат аға, алпыстың асқарынан айбынданып көрінген, ақыл мен парасаттан өрілген мерейтойыңыз құтты болсын! Бұл алпыс алдағы шырқау шыңдардың мөлдір бастауы болсын!**

- Рахмет!

**Сұхбаттасқан**
**Лаура Қосайқызы**

# АҚ ШАТЫРЛЫ МЕКЕНІМ - ӨЗІҢДІ СҮЙІП ӨТЕМІН!

Шіркін, қызығы мол балалық шақ – балдәурен уақыт! Жадыраған жаз мезгілінде балалар демалыс орындарына, жазғы сауықтыру лагерьлеріне асығады. Суға түседі, теңіз жағасында тынығып демалады.

Қас қағым сәтте балғындардың ең сүйікті мезгілі – жазғы каникул да өз мәресіне жетіп, жаңа оқу кезеңі басталды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысшыларының балалары жазғы демалыста шомылған көк теңіздің жылылығын, жаңа достары мен алған әсерлерін оқу жылының басында қуана еске алады.



Жұмысшылардың жанұясы мен балаларына қамқорлық таныту - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұстанған әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады.

Компания балалар үшін ең жақсы лагерьлерде демалыс ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Жыл сайын балалар жаңа оқу жылына дейін Қазақстан мен Қырымның сауықтыру орындарында күш жинап қайтады. Бастама биыл да жалғасын тауып, 1600-ден астам бала жазғы демалысын ұмытылмастай етіп өткізді.

- Биыл балалар Алматы, Қостанай, Көкшетау, Ақтау қалалары мен Қырымдағы («Ласпи» және «Мандарин») балалар лагерьлеріне жіберілді, -деді әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Бибігүл Әбдіхалықова. – Демалыс кезінде бүлдіршіндердің алған әсерлері ерекше болды деп ойлаймын. Әр түрлі саяхаттар, спорттық ойындар, аквапарк пен дельфинарийлер, би кештері мен гала-концерттер, әр аймақтан келген достар, құнарлы тамақ мәзірі, саф ауа балғындардың есінде мәңгі қалары анық. Мысалы,



Көкшетаудағы «Дискавери» лагеріне барарда олар Елордамыз – Астанаға екі күн саяхат жасап, «Бәйтерек», «Думан», Бірінші Президент мұражайын және т.б. мәдени орындарды аралады. Сондай-ақ, балалар бірінші рет Қырымдағы «Мандарин» сауықтыру орталығында демалып, Ресей, Украина елдерінің балаларымен достасып, жақсы көңіл-күймен ауылға оралды.

Жаз мезгілінде жұмысшы балаларының бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жоспарлы тынығу жұмыстары жыл сайын ұйымдастырылып, жалғасын таба бермек.

**Маңғыстауда Қамқа Үмбеталина есіміне елең етпейтін адам кем де кем болар, өйткені бұл есім өңір тарихына жазылған басқа да көптеген ардақты есімдермен қатар алтын әріптермен қашалып, әлдеқашан-ақ жазылып қойылған. Ол заңды да. Өйткені, Қамқа апаның бүкіл саналы өмірі, әсіресе, оның ішінде қазақ мұнайына сіңірген 45 жылы баршаға өнеге болуға лайық ғұмыр!**

# ӨМІРІ - ӨНЕГЕ

***Өлкемізге белгілі мұнай барлау саласының маманы, бұрғылау ерітінділерінің қас шебері Үмбеталина Қамқа Жаниярқызы 5 қыркүйекте торқалы тоқсан жасына шықты***



Қыркүйектің бесінде Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы, СССР жер қойнауының үздік барлаушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, бұрғылау ерітінділерінің қас шебері, Атырау және Маңғыстау мұнайын игеруге тікелей атсалысқан ардагер-мұнайшы Қамқа Үмбеталина сексен тоғыз жыл өмірін артқа тастап, тоқсанның төріне шықты. Бұл тоқсан – жай тоқсан емес. Тағдырдың небір тауқыметін басынан өткерген Қамқа апа – қазақтың өжет те батыл, өр мінезді, нар тұлғалы, білімді де іскер, ер-азаматқа бергісіз қыздарының бірі. Қамқа апаға небір асыл сөздер мен теңеулерді айтса да жарасары сөзсіз, өйткені бұл адамдардың жаратылысы бөлек: Қамқа апа – адал сүт емген, жүрегі елім деп соққан ұрпақтың бірегейі, асыл сүйекті, таза рухты бабам қазақтың сынығы... Өткен ғасырдың 30-жылдар зобалаңын – елдің күйзеліске түсіп, арыған-ашығанын ол кезде жас болса да көзімен көрді, жүрегінен өткізді. Одан кейін сәл-пәл ес жиып, етек жинаған халықтың басына түскен тағы да бір үлкен ауыртпалық – соғысты, оны да көрді. Ұлы Отан соғысының ресми деректері бойынша әскер қатарына Кеңес Одағында 495 мың әйел адам шақырылған екен. Сол лектің ішінде 19 жасар Қамқа да бар еді... Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданында дүниеге келген Қамқа 1942 жылы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген шағы. Мектепті бітірер-бітірмес өрімдей жас қыз ұрыс даласына аттанып кетті... «Майданға кәмелет жасына жеткен жеткіншектен 45 жасқа дейінгі еркек кіндіктер ғана шақырылған деп жүрсек, сіздің мынауыңыз біз үшін тосын жаңалық болды...», – дегенімізде, Қамқа апай:

– Мен білсем, Орта Азия, Кавказ республикаларының басқасының бәрінен, – Ресей Федерациясы, Украина, Белоруссия, сондай-ақ Қазақстаннан, майданға қыздар да алынды. Әйтеуір, біздің батыстан Гурьев пен Оралдан талай қазақ қыздары кетті ғой қырғынға. Маңғыстауда ол кезде ел шамалы, жоқтың қасы деуге болады, содан ба, бұ жерден қыздар майданға шақырылды дегенді естіген жоқпын. Біздер қалай мектеп бітірдік, солай үйімізге повестка келді. Майданға кете бардық..., – деп бір сәт күрсінді...

Алғашында бұлар Воронеж қаласындағы әуежай қоймасын күзетеді. Біршама уақыт өте оларды Орынборда, Чкаловта, Челябинскіде, Омскіде ұшқыштар курстарында оқытады. Оны тәмамдаған соң ұшқыш қыздарды Қиыр Шығысқа алып кетеді, ол жерде Қамқа Үмбеталина 1-ші Шығыс майданындағы 9-шы әуе армиясына түседі. Батыстың өжет қызы Қамқа бомбалаушы ұшақта (бомбардировщик) «бомба дайындаушы» болып, жапондарға әуеден қырғидай тиеді. Қиыр Шығыстағы соғыстың мәнісі келесідей еді. Одақтастық міндеттерін атқару мақсатында, сондай-ақ өзінің қиыршығыстық шекараларының қауіпсіздігін нығайту мақсатында Кеңес Армиясы 1945 жылдың 9 тамызына қараған түні Германияның одақтасы Жапонияға қарсы соғысты бастап кетті. (Мұның алдында, 1935 жылы Жапония бейбіт отырған Қытай еліне қырғидай тиіп, оның солтүстік-шығысын жаулап алған болатын. Араға 2 жыл салып жапондар Қытай еліне жасаған басқыншылығын одан ары қарай жалғастырып, елге дендеп кірді).

Сөйтіп үш жарым жылдай толарсақтан қан кешкен Қамқа-қыз сержант шенінде елге аман-есен 1945 жылы оралады. Сол қиямет-қайымның бәрінен Алла Тағала Қамқа апамызды тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай келгенінде, тоқсанның тағына отырғызайын дегені екен ғой!

– "Қырық жыл аштықта ажалды өледі" деген рас екен, ажалың келмесе Жаратушы иеміз адамды нешебір зобалаңнан өткізіп, аман алып шығады екен ғой... , – деп Қамқа апамыз құдай алдында өзінің қарапайым пенде екендігін мойындап жатыр.




Елге келген Қамқаға тумаластары оның бір інісінің қайтыс болғанын естіртеді. Әке-шешеден ертеректе айрылған қалған бауырлары апаларының соғыстан аман-есен келгендігін көріп, өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болады, ендігі бар үміті мен сенері осы Қамқа апалары болды. Содан Қамқаны «жетім бауырларымды қайткенде аяқтарына тұрғызып, адам қылам?», – деген ой мазалап, тыныштық бермеді. Жұмыстың ауыры да, соған орай ақшасы да көбірегі – мұнай саласы. Осыны білетін Қамқа 1945 жылдың 17 желтоқсанында жанашыр ағаларының қолдауымен Гурьевтегі «Қазақстанмұнай» мекемесінің орталық ғылыми-зерттеу лабораториясына зертханашы болып жұмысқа орналасады. Жұмысқа тұруының өзі бір қызық, оны Қамқа апа күліп еске алады.

– Келіскен күні зертхананың бастығына, Сапар Қарымсақов деген кісі екен, кірдім. Менің жасым 22-де. Амандасып болғаннан кейін: «Надежда Андреевна Моргацкаяны шақыр» деп көмекшісіне бұйрық берді. Бір кезде әлгі шақыртқан адамы келді. Қарымсақов оған қарап: «Вот девушка приехала с фронта, возьмете ее в лабораторию глинистых растворов» деуі мұң екен, Моргацкая «Алмаймын, осыған дейін қазақтың 3 қызын алдым, «жұмыс лас екен» деген желеумен қашып кетті» деп дүңк еткізді де, шығып кетті. «Естідің ғой? – деді Қарымсақов. – Мен үйренсін деп алсам, олардың істеп жүргендері анау. Ластық ауруханада болады. Сіз де солар құсап қашып кетесіз бе?» – деді. Мен намыстанып, «кетпеймін, мойнымда інім мен сіңілім бар» дедім. Осыдан кейін кадр инспекторын шақыртып, мені сазды цемент ерітінділерін дайындайтын орталыққа жұмысқа алғызды, – деп еске алады Қамқа апа.

Қамқа-қыз осы жерде бір жағынан намысқа салса, екінші жағынан өзіне қарап қалған бауырларын ойлады. Намысқой, өр мінезді, қан соғыстың тезінен өтіп келген Қамқа әлгі Ленинградтан келген ғалым әйелге қазақ қыздарының ешкімнен кем еместігін, олардың алғыр, талапты, талантты екендіктерін дәлелдегісі келді. Ертеңіне жұмысқа шыққан 4-ші қазақ қызына Моргацкая оншама жақсы сыңай танытпады, алдына бір кітапты лақтыра салды да, «мә, мынаны оқы» деп аузын жыбыр еткізді. Сөйтсе бұл «Руководство для начинающего лаборанта» деген кітапша екен. Қамқа сабыр сақтап, жұмысқа кірісіп кетті. Көп ұзамай табиғатынан зерек, алғыр қыз жұмыстың қыр-сырына түсініп, қаныға бастады. Бір күндері оның осал емес екендігін дәлелдейтін бір оқиға болды.



– Біздің зертхананың мақсаты – ұңғыға құятын ерітінді дайындау. 1 килограмм цементке жарты литр су құямыз. Цементті әр жерден аламыз. Бір күндері қасымдағы орыс қыздар Стерлитамактан келетін цементке «не соответствует установленным стандартам» деп шешім шығарып қойыпты. Оның өкілі «мүмкін емес» деп бізбен келіспей, өзінікін дәлелдейді. Жағдай түсініксіз болып қалды. Бір күні менің кезекшілігім келді. Анықтап қарасам, пайдаланып жүрген 2 приборда екі түрлі коэффициент қолданылады екен: біреуінде 1,2, екіншісінде 1,7. Мәссаған! Мен әлгі жарамсыз деген цементті екеуіне де салып, екі түрлі коэффициентпен өлшесем, стандартқа сай, келіп тұр. Бірден Моргацкаяға хабарладым. Ол қате өздерінен кеткенін біліп, бірлестіктің басшыларына хабарлады, – деп Қамқа апа өзінің алғаш еңбек жолын еске түсірді.

Сөйтіп Қамқа Үмбеталина бір жағынан қазақ қыздарының намысын қорғап, оларды бір биікке көтеріп тастаса, екінші жағынан өзінің жақсы маман екенін дәлелдеді. Осы оқиғадан кейін Қамқаның таланты мен талабын мойындаған бірлестік басшылары оны қатардағы зертханашыдан (лаборант) бірден инженер қылып жоғарылатады. Көп ұзамай Қамқа Гурьев мұнай техникумына түсіп, оны бітіріп шығады. 1950-жылдардың орта шенінде Қамқаның ерітінді шеберінің қас маманы екендігін естіп жүрген Халел Өзбекқалиев (ол кезде Даңғар кенорнында жұмыс істеп жүрген кезі), одан кеңес сұрайды. Өзбекқалиев бұрғылау алаңында қолданылып жүрген ерітіндінің сапасы төмен, қатаю нашар екендігін айтты. Мәскеу зертханасынымен жақсы қарым-қатынаста болған Қамқа олардың тұзға шыдамды химиялық ерітіндіні қолдану арқасында игерген жаңа тәсілін ұсынады. Өзбекқалиев осы тәсілді пайдаланып, ол тәсіл жақсы нәтиже бергеннен соң бұрғылау схемасы күрт өзгеріп, бұрын айына 35 метр жүріп отырған бұрғышылар енді осы тәсілдің арқасында 50 метр жүретін болды. Бұрғылау ісінде сапалы ерітіндінің басты роль атқаратынын осыдан-ақ біле беріңіз. Моргацкаяның қарамағында істеп жүріп, Қамқаның мықтап ұққаны – бірде-бір ұңғы бұрғылау ерітіндісін химиялық өңдеуден өткізбей, қазылуға тиісті емес екендігі. Бұл басты ереже оның өмірлік принципіне айналды. Жалпы, өз ісінің қас шеберлерінің шеберлік дәрежесін алатын болсақ, олардың ілімі көбіне-көп туа біткен зеректік пен аңғарғыштыққа, ниет пен пейілге, сондай-ақ, көп ізденіп, көп оқығанға да байланысты болатын нәрсе екендігіне көз жеткізуге болады. Табиғатынан ізденімпаз, зерек, ойшыл Қамқа әсіресе американдық ғалымдардың аударма еңбектерін көп оқитын еді.

– Жоғары оқу орындарында ерітінді мамандарын дайындайтын арнайы факультет жоқ. «Бұрғылау ерітіндісін дайындау ісі 3 фундаменталды ғылымға – геология, химия мен физикаға негізделген» деп айтып отыратын білгір ерітінді мамандары, – дейді Қамқа апа.

1965 жылы өз жұмысында біраз шыңдалып қалған Қамқаны Халел Өзбекқалиев «Мангышлакнефтегазразведка» кешенді экспедициясына (КЭМНГР) шақырады. Қамқа Үмбеталина туралы әңгіме шерткенде оның есімін көбіне-көп осы Маңғыстау мұнайына ширек ғасыр бойына сіңірген еңбегіне байланыстырып айтады. Қамқа апа өзі туралы сыр шерткенде де маңғыстаулық ғұмырын айтыңқырайды.

– Маңғыстау аумағындағы ашылып, қорлары есептеліп, игерілгені бар, игеруін күтіп жатқандары бар – барлық кенорындар біздің трестің ерен еңбегінің жемісі! – Қамқа апа өзінің туғанындай болып кеткен ұжымын осылай деп дәріптеп, ардақтайды.

Осы трестегі химия зертханасының аға инженері болып жүріп ол Солтүстік Бозашы (Қаламқас, Қаражанбас, Арман), Өлі қолтықтағы Комсомольский, Қарақұдық, Шығыс Жетібай, Қарамандыбас, Тасболат, Доңға, Теңге кен орындарының ашылуына атсалысты. Маңғыстауда басталған 1965 жылдан зейнекерлікке шығар 1990 жыл аралығындағы Қамқа апаның еңбегін, трестің сол кезеңде атқарған жұмыстарын айтып, әрқайсысына бөлек-бөлек тоқталатын болсақ, ол, әлбетте, өз алдына үлкен кітапқа арқау болатын тақырып.

Қамқа Үмбеталинаның бейбіт замандағы ерен еңбегі еленіп, ол бірнеше орден, медаль, атақтарға ие болды. Оның жауынгерлік нагрдалары – 2-дәрежедегі Ұлы Отан соғысының ордені, «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», сондай-ақ, мерейтойлық медальдарына қоса, «Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген геолог-барлаушысы», «КСРО жер қойнауын барлау үздігі» атақтарының, «Құрмет» орденінің, сондай-ақ, «Ерен еңбегі үшін» төс белгілерінің иегері екендігін айтқан жөн.

Қамқа Үмбеталина – республикалық дәрежедегі зейнеткер. 2005 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының зейнеткерлерінің есебінде тұр.

– Жеке адамның ғұмыры қамшының сабындай-ақ қып-қысқа болады екен, оған менің көзім жетіп отыр. Құдай өмір бергесін өмірді сүресің ғой, әйтпесе менің замандас, құрбы-құрдастарымның қазір 99 пайызы жоқ, қазір жастардың тілегін тілеп отырған жағдайымыз бар. Алла разы болсын, бұрынғы ұжымдастарым ұмытпайды, жағдайымды сұрап, қолдарынан келер көмектерін беріп жатады. Сағымбай Қызылов, Сағын Қырымқұлов, Киікбай Рзаханов, Алик Айдарбаевтарға алғыстан басқа айтарым жоқ, – дейді Қамқа апа.

Маңғыстау мұнайының қыры мен сырын бес саусақтай білетін Қамқа апаның ендігі ниеті де, тілегі де – жер асты байлығы өзінің халқына бұйырса екен, соның қызығын келер ұрпақтар да көрсе екен дейді.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басшылығы қазақ мұнайына өзіндік үлесін қосқан, Атырау мен Маңғыстау мұнайын халық игілігіне жаратуға зор еңбек сіңірген Қамқа Үмбеталина торқалы тойымен құттықтап, оған зор денсаулық тілейді!

**Тойған ТАСҚЫНБАЕВА**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Ағатаев Майлыбай – 1 қыркүйек, ӘМжӘДД, төртінші разрядты слесарь-сантехник
Төлебаев Хикмат Мұстахимұлы – 18 қыркүйек, ААТжБД, бөлім бастығы

## 55 жас

Оразбаева Мәриям – 6 қыркүйек, ҚҚҮЦ, қабат қысымын ұстау операторы
Әділова Гүлжан Бағытқызы – 30 қыркүйек, ТСДЦ, қазандық операторы
Құдайбергенова Жанат Айладырқызы – 29 қыркүйек, ӘМжӘДД, бөлімше меңгерушісі

## 50 жас

Қуандықова Қалжан Қалдыбайқызы – 6 қыркүйек, ҒЗӨЖЦ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы
Темірова Гулсім Көжекбайқызы – 6 қыркүйек, ТҮПЦ, қазандық операторы
Атшыбаева Зәуреш Құрақбайқызы – 9 қыркүйек, МГӨБ-1, есепші
Сейтжанова Завираш Алуадинқызы – 10 қыркүйек, МГӨБ-3, мұнай және газ өндіру операторы
Эрниязова Көрпеш Рейімбердіқызы – 23 қыркүйек, ТҮПЦ, қызметші
Сабалақова Гүлнар – 30 қыркүйек, АХЧ, екінші разрядты электрлі-есептеуіш машина операторы
Кенжебаев Сламғали Қыдырбайұлы – 8 қыркүйек, ГДТжГШПЦ, жерасты газ құбырларын жөндеу және пайдалану слесарі
Гарипова Света Ерғалиқызы – 28 қыркүйек, ТҮПЦ, арнаулы жұмыс киімдерін жөндеп, жуу қызметкері
Қарабасов Аманжол Құдайбергенұлы – 5 қыркүйек, ҚҚҮЦ, жұмысшы агентті қабатқа айдайтын сорап стансасының машинисі
Сағындықов Руслан Иманбайұлы – 8 қыркүйек, ПҚЖПЦ, слесарь-жөндеуші
Аймағанбетов Арқарбай Үрішұлы – 15 қыркүйек, ҚҚҮЦ, жұмысшы агентті қабатқа айдайтын сорап стансасының машинисі
Ербозов Азанғали Бердіғалиұлы – 23 қыркүйек, МГӨБ-3, мұнай және газ өндіру операторы
Орманов Жақсылық Рысбайұлы – 24 қыркүйек, МКДжАЦ, тауар операторы
Самиев Сабыр Алқамбекұлы – 30 қыркүйек, МКДжАЦ, технологиялық сорғы машинисі
Әбілдіков Қаршыға – 23 қыркүйек, ӨД, бесінші разрядты слесарь-жөндеуші
Құрманалиев Арыстанбек Ғаниұлы – 25 қыркүйек, ӨД, 5 разрядты электргаздәнекерлеуші

## *Мұнайшылар күні*

*Шағаласы шалқып, аққуы қалқып*
*Теңізім қандай шырайлы.*
*Жерімде шаттық, жусаны аңқып,*
*Мұхиттай жатқан мұнайы.*

*Толқыны тулап, құстары шулап,*
*Кемерің жатқан жыр айдын*
*Ырысты елім, ырысың жинап,*
*Береке бірлік құрайсың.*

*Киелі далам, күмбез боп бабам,*
*Желеп те жебеп жатырған.*
*Жер қорғаштаған, тарихта бағаң*
*Талай да таңды атырған.*

*Ауларын тартқан, төрт түлігі жатқан,*
*Күйіңе сенің жетер кім.*
*Бәйгеде шапқан, мерейің артқан,*
*Маңғыстау маңғаз мекенім.*

*Үстірт тау белім, мұнайлы елім,*
*Жайдарын күннен жайнаған*
*Мұнараң мыңдап, еңбегің шыңдап,*
*Еңбектің қызуы қайнаған.*

*Адал тер төккен, бақытқа жеткен,*
*Өмірдің көзі бірлікте.*
*Жүр жер көкте, бөлен құрметке,*
*Бақыттың кілті еңбекте.*

*Жемісті жерім, талабың керім*
*Ардагерлері еңбектің.*
*Еңбектің ерін, құрметтеп төрін*
*Алақаныңда тербеткен.*

*Игеріп білген, мұнайшылар күнімен,*
*Думаның әнмен ырғалған.*
*Еңбекті сүйген, шаттықты үнмен*
*Еңселі елім жырлаған.*



*Қ. Қанатов,*
*«ОТК» ЖШС жүргізушісі*

# ҚАЛАМҚАС АРУ АРУАҒЫНА АС БЕРІЛДІ

Тамыз айының 24 және 27-сі күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кенорны бойынша қауіпсіздік қызметі ұжымының ұйымдастыруымен, Бозашы түбегіндегі «Қаламқас әулие» қорымында әулиеге бағышталып нәфіл садақа берілді.

- Ондағы мақсат – Ару аруағына тағзым ету, ұжымды татулыққа, ұйымшылдыққа шақырып, тәуелсіз елімізге, кеңбайтақ мұнайлы жерімізге ынтымақ, ырыс, береке-бірлік тілеу. «Өлі жебемей, тірі байымайды» демекші, екі ауысым бойынша алпыстан астам мұнайшы және цех басшылары қатысқан мұндай ас-садақаны жылда ұйымдастырып келеміз – деді Қаламқас кенорны бойынша қауіпсіздік қызметінің аға инспекторы Қожақов Бауыржан Аңшыбайұлы.

Өзгеге үлгі боларлықтай үрдісті ұстанған шағын ұжым - жылда жетімдер үйіне қайырмдылық көрсетіп, ауырып ем іздеген балғындарға қол ұшын беріп келеді. Мұндай игі шара алдағы уақытта да жалғаса бермек.

# Сіз білесіз бе?

***Мұнай тарихы***

- **1967 жыл.** Израиль мен араб мемлекеттері коалициясының арасындағы алты күндік соғыс. Мұнай бағасы шамамен 20%-ға өсіп кетті.
- **1968 жыл.** Аляска аумағында ірі мұнай кенорындары ашылды. Соның ішінде, тамыз айында аса ірі мұнай-газ кенорны Прадхо-Бей ашылғаны туралы хабарланды. Өндіріп алынатын мұнай қоры 10 млрд. баррельден аса шаманы құрады.
- **1969 жыл.** "Самотлорды" өнеркәсіптік игеру басталып кетті. Осы сәттен бастап бүгінгі таңға дейін онда 16 700 ұңғыма қазылды және 17 млрд-тан астам мұнай өндіріліп алынды.
- **1971 жыл.** Ливия, Сауд Арабиясы, Алжир және Ирак арасында мұнай бағасын көтеруге алғашқы халықаралық келісімге қол жеткізілді. Мұнай бағасы барреліне 2,55-тен 3,45 долларға дейін көтерілді.
- **1973 жыл.** Алғашқы мұнай эмбаргосы (сатуға тыйым салу). Сирия мен Египет әскерлерінің шабуылына ұшыраған Израиль, АҚШ-қа көмек сұрап өтінім білдірді. Бұған жауап ретінде араб елдері Израильді қолдайтын мемлекеттерге мұнай экспорттауға толықтай тыйым салды. Осының әсерінен АҚШ-та бензин бағасы 4 есеге шарықтап кетті.

# *МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ*

### *Аудармашы*

- Сенің әйелің не жұмыс жасайды?- деп сұрайды бір кісі танысынан.
- Аудармашы.
- Соқпа өтірікті, оны «тіл оқуын бітірді» деп естіген жоқпыз ғой.
- Оқымаса да, менің әйелім керемет аудармашы.
- Сонда не аударады?
- Күнде дүкенге барады да, менің тапқан ақшамның бәрін соған аударады.

### *Сөмкеде, бірақ үйде*

Сәнби деген жеңгейге балалары ұялы телефон алып беріпті. Үлкендеу дорба сөмкесі бар, соған салып жүреді. Бұл сөмкеде жоқ емес нәрсе жоқ, ұсақ-түйек, ыбыр-қыбыр толып тұрады.

Бірде автобуста келе жатса, телефоны шырылдапты. Жеңгей сөмкеге қолын салып, іздей бастайды. Аударыстырып қарап жатыр, қарап жатыр, таба алмайды. Соткасы безілдеп-безілдеп, алмаған соң тыныштылыпты. Сәнби әлі іздеп жатыр, заттың көптігінен қолына ілікпейді.

Ақыры жеңгеміз айтыпты:

-Құрымағыр үйде қалып қойған шығар.

Автобустағылар ду күлген.

### *Кетсервис*

Қалада «Медсервис» деген дәріхана ашылды. Кей ауруларға елу пайыз жеңілдікпен дәрі сататын. Қонарбай деген жігіт кіріп, рецепт қағазын көрсетіп, дәрілер сұрайды.

- Мынау бар ма?
- Жоқ.
- Анау бар ма?
- Жоқ.
- Мынадай барма?
- Жоқ.
- Анадай бар ма?
- Жоқ.

Сонда Қонарбай айтыпты:

- Ойбай, шырақтарым-ай, несіне «Медсервис» болып тұрсыңдар? «Медсервис» емес, «Кетсервис» екенсіңдер ғой.

### *Музыка және өрт сөндіруші*

Сахнада оркестр ойнап жатыр. Түрлі-тірлі аспаптар әуендетіп, музыка төгіліп тұр. Қатарымызда бір жігіт сұрақ қояды:

- Осы скрипка мен трубаның қандай айырмашылығы бар?
- "Скрипка - деген ыспалы аспап, ал труба - үрмелі инструмент" деген сияқты түсінік беріп жатырмыз.

Бір уақытта артқы жағымыздан мынадай дауыс шықты:

- Скрипка - қураған ағаш, тез жанып кетеді, ал труба темір ғөй, ол өртенбейді.

Мұндай аса «қызық» өзгеше сипаттама берген кім деп, жалт қарадық. Өрт сөндіруші екен.

### *Ит, құс*

Көп кісі карт ойнаған. Бір аға ұтылып қалып, шығып келе жатқан көрінеді.

- Аға, не болды ? – деп сұрағандарға:
- Кілең ит пен құсқа жем болдым ! – депті.

Сөйтсе, мұны ұтып алған, бірге ойнағандардың аттары: Қасқырбай, Қарсақ, Бүркітбай, Бөрібай, Лашын, Күшікбай деген сияқты аң-құстардың аттары екен.

### *Басқа тарт*

Кішкентай Назекеш папасының темекі тартқанын жақтырмайды.

- Темекі тартпасайшы, басқа бірдеңе тартшы, - деп жалынады.
- Енді не тартайын ? – дейді әкесі күліп.
- Домбыра тарт, қобыз тарт, баян тарт, - деп жұрттың бәрін күлдірді Назекеш.

*Әзілдер Сержан Шәкіраттың «Маңғыстау күлкісі» кітабынан алынды.*



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, Л.Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280, 212-194

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілін, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 4305